

Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 мамыр N 617. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.08. N 393 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 10 мамырдағы
N 617 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Инновациялық даму Бағдарламасы

Астана - 2001 ж.

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

Атауы Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасы.

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысы .

Қазақстан Республикасы инновациялық қызметінің тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілісінде мақұлданған, 1999 жылғы 20 шілдедегі N 19 хаттама, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия

және сауда министрінің 2000 жылғы 28 наурыздағы
N 117 бұйрығымен бекітілген).

Әзірлеуші Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі.

Бағдарламаның мақсаты Ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану негізінде
ел экономикасын дамыту үшін қажетті шарттар мен
қолайлы ортаны құру, теңгерілген өндірістік
инфрақұрылымды қалыптастыру және елдің жалпы ұлттық
өнімінде шикізатты құрайтын бөлікті кезең-кезеңімен
жоғары технологиялық экспорттық өніммен алмастыру.

Бағдарламаның міндеттері Бағдарламаның негізгі мақсатына сәйкес мынадай:
экономиканың басымды ғылыми-техникалық және
технологиялық дамуын қамтамасыз ету;
экономиканың шикізаттық емес секторларын
қ а л ы п т а с т ы р у ;
инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау және
өндірістік кәсіпкерлік қызметті артықшылықпен дамыту
ж ү й е с і н қ а л ы п т а с т ы р у ;
өнеркәсіптің технологиялық жаңғыртылуын жүргізу және
экспортқа бағдарланған ғылымды қажетсінетін
ө н д і р і с т е р д і қ ұ р у ;
инновациялық қызметтің инфрақұрылымын қалыптастыру;
инновациялық салаға шағын бизнес субъектілерін тарту;
инновациялық қызметті кадрлық қамтамасыз ету;
экономиканың инновациялық даму басымдықтарын
қамтамасыз ететін инновациялық қызметтің нормативтік
құқықтық базасын қалыптастыру;
халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту
міндеттерін шешу көзделеді.

Қаржыландыру көздері Мемлекеттік бюджет, несие ресурстары, инновациялық
қызмет субъектілерінің меншікті қаражаты, шетел
капиталы.

Іске асыру мерзімдері Бағдарламаны іске асыру 2001-2015 жылдар кезеңіне
белгіленген.

Күтілетін нәтижелер Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын
қамтамасыз ету, дүниежүзілік сұранымның рыногының
конъюктурасына экономиканың тәуелділігін төмендету.

Жана жұмыс орындарын құру.

2. КІРІСПЕ

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану негізінде елдің ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуының бірыңғай мемлекеттік саясатын қалыптастыру мен жүргізуге бағытталған.

"Қазақстан-2030" стратегиясының ең тұтқалы басымдықтарының бірі экономиканың теңгерімді дамуының, жалпы ұлттық өнімін құрайтын шикізатты жоғары технологиялы, оның ішінде экспорттық өнімге кезең-кезеңмен алмастыру және елдің ғылыми-техникалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде экономикалық өсу болып табылады.

Қазақстанда бұл үшін барлық алғышарттар бар. Бұл - бай табиғи ресурстар, бос өндірістік қуаттардың болуы, жеткілікті білікті ғылыми-техникалық қызметкерлер және жоғары жалпы білімділік деңгейімен ұштасқан арзан жұмыс күші, бірқатар технологиялық тұрпаттар бойынша дайындықтардың болуы.

Сонымен бірге, бірқатар бөгеуші факторлар да бар. Атап айтқанда, соңғы жылдары Қазақстанның технологиялық тез мешеуленуінің деңдеген кезеңі болды. Қазіргі өндірістің тұқыртылуы, өндіргіш күштердің индустриясыздануы, өндірістің абсолюттік көрсеткіштерінің күрт қысқаруы және жанбасылық, тұтыну мен қордаланудың төмендеуі тегеурінді экономикалық даму үшін республиканың аттаныс жағдайын едәуір күрделендіреді.

Бұдан басқа, технологиялық даму мен инновациялық әлеует деңгейі бойынша салалар арасындағы едәуір алшақтық отандық экономикаға тән сипат болып табылады. Оның үстіне, кадрлар даярлау жүйесінің өзі де негізінен экономиканың шикізат секторын кадрлық қолдауға бейімделген.

Экономикалық қарым-қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметке негізгі орын беріледі, өйткені елдің экономикалық қуаты оның ақырғы нәтижелерімен - өндіріс тиімділігін көтерумен, ғылымды қажетсінетін өнім көлемін өсірумен айқындалады.

Бағдарлама республиканың инновациялық дамуының ұзақ мерзімді кезеңге арналған мақсаты мен міндеттерін айқындайды, және жыл сайын ұлттық әлеуметтік-экономикалық басымдықтарға сүйене отырып, нақтыланатын және түзетілетін болады.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІНІҢ ТАЛДАУЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қазақстанда соңғы он жылдықта республиканың нарықтық тетіктерге негізделген экономикалық қарым-қатынастарға көшуімен байланысты түбегейлі өзгерістер болды. Алайда, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің және реформаларды тездетіп жүргізудің ғылыми және экономикалық негізделген моделінің жоқтығынан өткізілген шаралар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында күткен нәтижелер берген жоқ.

Шикізатқа деген бағаның ауытқу кезеңдеріндегі экономиканың шикізатқа тәуелділігі шикізат экспортынан түсетін қатты валютаның едәуір түсімдері ұлттық валюта құнының өсуіне әкелген кезде танымал макроэкономикалық әсерде көрініс берді және ішкі өндірушілер деңдеп бара жатқан импортпен бәсекелесуге қабілетсіз болып қалды.

Қайта өңдеу салаларының (машина жасау, жеңіл, тамақ, электрондық, қорғаныс және басқа салалар) тұралауы Қазақстан жағдайында жеткілікті ғылыми-техникалық, маркетингтік және басқарушылық қолдаудың жоқтығынан **ш и е л е н і с к е н б о л а т ы н .**

Осылайша өнеркәсіпте 1990-1999 жылдарда шикізаттық емес салалардың үлесі 3-6 есе қысқарды, сонымен бірге, орны толмас табиғи ресурстарды - мұнайды, газды және түсті және қара металл рудаларын өндіру артты.

1999 жылы қол жеткен (1998 жылға 102,2 %) өнеркәсіптік өндірістің өсуі негізінен қазақстандық экспорттың негізгі тауарларына әлемдік бағаның көтерілуі және мұнай мен газды өндіруді арттыру және қара және түсті металдарды өндіру есебінен қамтамасыз етілген еді.

2000 жылдың ішінде өткен жылдың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда өнеркәсіптік өнім өндіруді арттыру үрдісі сақталып отыр. Алайда, мұндай өсу, сол сияқты едәуір дәрежеде шикізат бағасының өсуімен байланысты әлемдік рыноктың конъюнктурасына қолайлы ықпал еткен сыртқы жағдайларға **н е г і з д е л г е н б о л а т ы н .**

Елдің инвестициялық саясатының шикізаттық бағыты өнеркәсіпте орын алған сәйкессіздікті одан әрі тереңдете түсті. Осылайша, мұнай-газ саласының негізгі капиталына берілетін инвестицияның көлемі 1991 жылы 31 %-дан 1998 жылы 63 %-ға дейін өсті. 1999 жылы тікелей шетелдік инвестициялардың түсуі 1998 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық көтерілді және 1799 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте олардың жалпы көлемінің 87 %-на жуығы мұнай-газ секторының үлесіне (1524 млн. АҚШ доллары) тиді.

Ауыр жағдай ауыл шаруашылығында қалыптасты. Өткен жылдары ауыл шаруашылығы өнімін өндіру 2,3 есеге, егіс алаңдары 1,9 есеге, мал басы 2,7 есеге жуық қысқарды, шаруашылықтарды сапалы тұқыммен және тұқымдық материалдармен, техникамен және оларға қосалқы бөлшектермен жабдықтау нашарлап кетті. 1999 жылдан бастап көрініс берген экономиканың аграрлық секторындағы белгілі бір оң алға жылжушылықтар байқалғанмен, саладағы дағдарыстық жағдай еңсерілген жоқ.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы өндірістің құлдырауы, кәсіпорындар мен тұрғындардың төлемге қабілетті сұранысының төмендеуі көліктік-коммуникациялық кешеннің жұмыс істеуіне теріс әсер етті.

1990-1999 жылдар кезеңінде жүктерді барлық көлік түрлерімен тасымалдау көлемі 60%-ға қысқарды. Бұл ретте жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау көлемінің құлдырауы 64%-ды, теміржолмен - 55%-ды және теңізбен - 96%-ды құрады. Сол кезде мұнай және газды өндіру мен айдауды арттырудың нәтижесінде құбыр көлігімен жүк тасымалдау өсті (127,8 %).

Елдің экспортында, алдыңғы жылдардағы сияқты, шикізаттық бағытталу басым болып отыр. 1999 жылы экспорттың 6,6 млрд. АҚШ долларына (ІЖӨ-нің 29 %-ы), жуық қосынды көлемі жағдайында 60 %-дан астамын орны толмайтын шикізат ресурстары, оның ішінде түсті және қара металдар - 23,9 %-ды, отын және мұнай өнімдері - 35,4 %-ды, сондай-ақ органикалық емес химия өнімдері - 6,4 % - ды құрады.

Экономикасының шикізаттық бағытталуы елді дүниежүзілік рыноктардың минералдық шикізатына, металдар мен мұнайға сұранысына толық тәуелді етті. Бұл ретте өнеркәсіптің қайта өңдеуші салаларының дамымай қалғандығынан экспортталатын өнімнің номенклатурасын кеңейту үшін мүмкіндік мүлдем болмай отыр.

Проблемалар қара металдардың өнімді кен қорларының тозуынан, Қазақстанның тиімсіз географиялық жағдайы (көмірсутегі шикізатын өндіретін орынның негізгі тұтынушылардан алшақтығы) мен ауыл шаруашылығы өндірісінің жоғары тәуекелділігінен едәуір дәрежеде күрделеніп отыр.

Әлемдік қоғамдастықтың даму үрдісі инновациялық қызметтің экономикалық өсу қарқынына әсері өсіп отырғандығын көрсетеді. Әлемдік рынокта интеллектуалдық еңбек өнімдері экономикалық қызметтің басқа салаларымен салыстырғанда неғұрлым жоғары бағаға ие. Рыноктың талаптары жаңалықтарды енгізуді кеңінен пайдалану, инновациялық белсенділікті күшейту үшін жағдайлар туғызу қажеттілігін мойындатады.

Тәжірибе жоғары технологиялық салаларында жаңалықтар енгізуге деген көтеріңкі бейімділік байқалып отырғандығын көрсетті. Сондықтан, экономиканың құрылымында ғылымды қажетсінетін салалар неғұрлым көп болса

, онда инновациялық қызметте соғұрлым дамиды. Керісінше заңдылық та бар: Қазақстанның қазіргі экономикалық жағдайына тән бастапқы қайта өндеудің өндіруші салаларының басымдығы бар экономиканың салалық құрылымы ғылыми-техникалық инновацияларды тежейді.

Қазіргі уақытта еңбекке қабілетті тұрғындарды еңбекпен қамтуды арттыру және жаңа табиғи ресурстарды айналымға тарту есебінен өнім өндіруді өсіру және қызмет көрсетуді дамыту үшін мүмкіндіктер неғұрлым шектеулі болып барады. Осыған байланысты экономикалық даму үшін шешуші мәнге қарқынды факторлар ие болуда. Өз кезегінде, кадрлар біліктілігі мен еңбек өнімділігінің өсуі, материалдар мен жабдықтардан қайтарым экономика салаларында ғылым мен техника жетістіктерінің пайдаланылу дәрежесімен анықталады.

Инновациялық қызмет жаңа шаруашылық-аумақтық құрылымдарды (технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, аймақтық инновациялық қорларды, венчурлық фирмаларды) дамытуға, бұрын құрылған шаруашылық субъектілер арасындағы өзара байланыстарды трансформациялауға, басқару технологияларын дамытуға көмектеседі. Бұл ретте экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінің мазмұны да өзгеріске ұшырайды.

Инновациялық процестер тек өндіріске ғана емес, шынтуайтында қоғамдық өмірдің барлық жақтарына ықпал етеді. Осының нәтижесінде материалдық және материалдық емес жағдайларды пайдалану құрылымы жетілдіріледі, адамдардың өмір сүру қызметінің жаңа салалары құрылады. Мысалы, жоғары технологиялар саласындағы бір жұмыс орны өнеркәсіп саласында бестен онға дейінгі жұмыс о р н ы н қ ұ р а д ы .

Жоғары технологиялық өндірістер мемлекеттік бюджетті толтырудың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта ғылыми-техникалық прогрестің ІЖӨ-ге қосатын үлесі неғұрлым дамыған елдерде, әртүрлі бағалау бойынша 75-тен 100%-ға дейінін құрайды. Инновациялық қызметтің әлеуеттік мүмкіндіктері индикативтік және бюджеттік жоспарлау жүйесінде ескерілуі тиіс.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның негізгі мақсаты ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану, теңгерімді өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыру және жалпы ұлттық өнімдегі шикізат құрамының бөлігін жоғары технологиялық экспорттық өнімге кезең-кезеңмен алмастыру негізінде елдің экономикасын дамыту үшін қажетті жағдайлар мен қолайлы орта жасау болып табылады.

Қойылған мақсатқа сәйкес Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуге б а ғ ы т т а л ғ а н :

экономиканың жоғары технологиялық шикізаттық емес секторларын

қ а л ы п т а с т ы р у ;

инновациялық қызметті мемлекеттік ресурстық қолдау;
өнеркәсіпті технологиялық жаңғыртуды жүргізу және экспортқа
бағытталған ғылымды қажетсінетін өндірістерді құру:

ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;
шағын кәсіпкерлік субъектілерін инновациялық қызметке тарту;
салалық және аймақтық инновациялық бағдарламаларды қалыптастыру және
і с к е а с ы р у ;

инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін
нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру;

неғұрлым перспективалы ғылыми бағыттарды сақтау және дамыту;
инновациялық кәсіпорындар үшін мамандарды даярлау;
халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту.

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТІКТЕРІ

5.1. Инновациялық даму стратегиясы мен басымдықтары

Дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстанда мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатының принциптік ерекшеліктері бар. Дамыған елдер үшін іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыру көлемін арттыру, ғылымды жеке сектормен өзара байланыстыруды ынталандыру есебінен жаңалықтарды жедел игеру, ғылымның корпоративтік секторын құру мен дамытуға барынша ықпал ету, ғылыми-техникалық әлеуеттің экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге тікелей бейімделуі тән.

Қазақстанда ғылымды қаржыландыру жеткілікті емес. Шаруашылық субъектілердің ғылым мен инновациялық қызметке жұмсайтын шығындарын мемлекеттік ынталандыру жүйесі дамымаған, ғылыми-техникалық әзірленімдерді өндіріске енгізу маңыздылығын бағаламау сақталып отыр.

Мұндай жағдайда Қазақстан мен дамыған елдердің ғылыми-техникалық дамуындағы алшақтық бұдан әрі өсе түсетін болады.

Осыған байланысты негізі жоғары және ғылымды қажетсінетін технологияларға көшу және елдің экспортындағы шикізаттық құрамының үлесін қауіпсіз деңгейге дейін азайту болуы тиіс мемлекеттің қоғамның өндіргіш күштерін дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарламасына түзету енгізу қажет.

Қазақстанда экономиканы дамытудың инновациялық жолына көшуіне бірқатар экономикалық, демографиялық, ғылыми-технологиялық, ұйымдастырушылық және басқа да факторлар (кесте) ықпал етеді.

Өндірісті кең ауқымды жаңарту үшін қазіргі уақытта республикада жеткілікті

мөлшерде жоқ едәуір капиталдық қаражат талап етіледі. Осыған байланысты, қойылған міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік қаржыландырумен қатар несие ресурстарын, инновациялық қызмет субъектілерінің жеке қаражатын, шетелдік капиталды және басқаларды тарту алда тұр. Бұдан басқа, лизинг бойынша жабдықтар мен технологияларды сатып алуды тәжірибеге енгізу қажет, өйткені бұл бюджетке түсетін күшті едәуір азайта алады.

Шетелдік технологиялар мен техниканың бақылаусыз ағылуы отандық қолданбалы ғылымды тұншықтырып тастауы, қазақстандық экономиканың шетелдік әзірленімдерден технологиялық тәуелділігінің нақты пайда болу қаупін туғызуы мүмкін екендігін есте ұстау қажет. Осының нәтижесінде ондаған жылдар бойына жинақталған отандық ғылыми әлеуеттің жоғалып кету қаупі туып отыр. Осының салдарынан республика жоғары технологиялық өнімнің импортын кеңейтуге мәжбүр болады.

Кесте

Қазақстандағы инновациялық қызметтің дамуына ықпал ететін факторлардың салыстырмалы сипаттамасы

Оң факторлар	!	Теріс факторлар
бай табиғи ресурстар;		экономиканың шикізаттық бағытталуы;
бос өндіргіш қуаттардың болуы;		дүниежүзілік деңгейдегі меншікті технологиялар салаларының шектелуі;
салыстырмалы түрде дамыған ғылыми-техникалық әлеует;		ішкі қаржы ресурстарының тапшылығы;
технологиялық жағдайлардың қатарында технологиялық баяндамалардың болуы;		инновациялық қызметтің инфрақұрылымының дамымағандығы;
жеткілікті білікті инженерлік-техникалық қызметші;		өндіргіш күштерді кері индустриялансыздандыру
жеткілікті жоғары жалпы білімдік деңгейімен үйлескен арзан жұмыс күші;		материалдық-техникалық базаның техникалық жағынан әлсіз жарақтануы;
елдің екі құрлықтықтың географиялық орналасуы;		өндіргіш күштерді бөлудегі теңсіздік;
инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың қалыптасқан жүйесі.		ғылыми-техникалық қызметті коммерциялау үшін тетіктер мен нақты экономикалық ынталандырудың жоқтығы;
		инновациялық қызметті жеткіліксіз

нормативтік құқықтық реттеу;
өндірістің жоғары технологиялық
салаларының қатарында ғылыми-
техникалық және өндірістік
кадрлардың жоқтығы;
жаңа формациядағы басқарушылық
кадрлардың болмауы;
ішкі рыноктың мардымсыз
с ы й ы м д ы л ы ғ ы .

Осыған байланысты Қазақстан үшін, жоғары дамыған шет елдердің тәжірибелеріне сүйенсек, инновацияның мынадай түрлері неғұрлым тиімді.

"Үстемелеу" инновациясы - жаңа өнімдер мен отандық ғылыми-техникалық әлеуеттің технологияларын жасауда шетелдік ғалымдар мен конструкторлардың тәжірибесін пайдалану. Бұл инновация елдің мемлекеттік мүдделері мен экономикалық қауіпсіздігіне толық көлемде сәйкес келеді, оны экономиканың барлық салаларында дерлік қолдануға болады.

"Қарыз алу" инновациясы - бұрын Қазақстанда шығарылмаған және түпкі тұтыну өнімін шығаруға бағдарланған өнімді игеру. Бұл инновация бірлескен кәсіпорындар құру мен франчайзингті дамыту жағдайында неғұрлым тиімді
б о л у ы м ү м к і н .

"Көшіру" инновациясы - шетелдік ғылыми-техникалық әлеует пен жаңа енгізілімдерді отандық экономикаға тарту. Бұл инновация лицензиялар сатып алу мен оларды өндіріске енгізуге жұмсалатын едәуір қаржылық шығындармен
б а й л а н ы с т ы .

Қазақстан үшін жақын болашақтағы неғұрлым қолайлы стратегия "үстемелеу" және "қарыз алу" инновациялары, сондай-ақ олардың ұштастырылуы болып табылады, өйткені бұл ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдаланумен бірге, ғылым мен техниканың аралас және жаңа салаларында отандық ғылыми-техникалық әлеуеттің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Отандық экономиканың даму шамасына қарай дүниежүзілік рыноктарда республика үшін жаңа инновациялық әзірленімдерді экспорттық өнім тауашасында өнімдемелеу және сатуға негізделген инновациялық дамудың белсенді (генерациялайтын) тұрпатын, сондай-ақ шетелдік жаңа енгізілімдердің игерілуі мен бейімделуіне, олардың біртіндеп өзіміздің инновациялық жүйемізге (мысалы, көліктік машина жасау) кірігуіне негізделген еліктемелік тұрпатының
ұ ш т а с у ы м ү м к і н б о л а д ы .

Инновациялық дамудың маңыздылығын ескере отырып, қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы өнімдерін бастапқы қайта өңдеу мен сақтау,

отын-энергетикалық кешен, химия мен мұнай химиясы, жаңа материалдар өндірісі, коммуникациялар, көлік және байланыс жүйелері, биотехнология сияқты салалардағы инновациялық жобалар айрықша рөлге ие болып отыр.

Басымдықтарды таңдап алу кезінде экономиканы әлеуметтік қайта бағыттауға, тиімсіз өндірістерді әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, бірінші кезекте тұтыну рыногына жоғары сапалы өнеркәсіптік тауарлар, азық-түлік шығаруға, олармен өзін-өзі қамтамасыз ету дәрежесін көтеруге қабілетті салалар мен өндірістерде жүргізілуі қажет неғұрлым жоғары технологиялық жағдайларды игеру мен ресурсты үнемдеуге анықтаушы мән беру к е р е к .

Бұл бағыт үшін өсу нүктелері - тұрмыс техникасын, күнделікті сұраным тауарлары мен экологиялық таза өнімдерді өндіруді озық дамыту.

Дамыған елдер, энергетикалық және экологиялық дағдарыстардың қысымымен, энергия шығынды технологиядан бас тарту және қалдықсызына көшу есебінен қайта өндірудің ресурсты үнемдеуші тұрпатына көшті. Өнеркәсіптің шикізат саласының төмен технологиялық тұрпатын ескере отырып Қазақстанда ресурсты үнемдеуші инновациялық жобалар жоғары экономикалық тиімділікке ие бола алады.

Бұл бағыт үшін өсу нүктелері - минералдық, көмірсутегілік және ауыл шаруашылық шикізатты қайта өңдеу тереңділігін арттыру, металлургиядағы ақырғы қайта өңдеуді игеру, техногендік және қайталанған шикізатты, ұқсату.

Неғұрлым жоғары технологиялық жағдайларды айқындау кезінде елдің экономикасы бесінші технологиялық жағдайды қалыптастыру кезінде дүниежүзілік техникалық-технологиялық дамудың талаптарына қаншалықты бейімделе алатындығын ескеру қажет.

Бұл бағыт үшін өсу нүктелері - информатика мен микроэлектроника, биотехнология және жаңа материалдар.

5.2. Бағдарламаны қалыптастыру тәртібі

Республиканың инновациялық дамуының базалық принципі Бағдарламаның бірінен соң бірі өзара байланысты үш кезеңін іске асыру болып табылады.

Бағдарламаның қысқа мерзімді кезеңі (2001-2003 жылдар) екі кіші кезеңнен тұрады :

Дайындық (2001-2002 жылдар) - инновациялық қорларды, технопарктерді, бизнес-инкубаторларды ұйымдастыру, сынамалы өндірістерді іске қосу, бақылау және реттеу жүйесін өңдеу, басқарушы құрылымдарды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

Негізгі (2003 жыл) - өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көлік пен байланыстың базалық салаларында шағын және орташа инновациялық кәсіпорындарды құру және дамыту, тауарлардың сыртқы рыноктарға шығуын

байқап көру, кадрлар құрылымын қалыптастыру, лицензияларды, патенттер мен технологияларды сатып алу тетіктерін өңдеу жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

Бағдарламаның қысқа мерзімді кезеңінің міндеттері:
инновациялық қызметтің инфрақұрылымын дамыту (өндірістік-технологиялық және ақпараттық қамтамасыз ету, мемлекеттік сараптау, сертификаттау, кадрлар даярлау мен қайта даярлау жүйесін құру);
ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құру;
заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу;
ақталу мерзімі 2 жылға дейінгі аймақтық және салалық инновациялық кіші бағдарламалар мен жобаларды іске асыру.

Бағдарламаның орта мерзімді кезеңі (2003-2008 жылдар) перспективалы ғылыми-техникалық әзірленімдерді іске асыру, сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетті өнім шығаруға бағдарланған жоғары технологияларды және ғылымды қажетсінетін өндірістерді құру жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Негізгі жұмыстар технологияларды өнеркәсіптік игеруге дайындаудың базалық ғылыми-технологиялық орталықтарында - технопарктер мен бизнес-инкубаторларда жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның орта мерзімді кезеңі отандық ғылымның жетістіктері, шетелдік техникалар мен технологияларды қарызға алу, патенттер мен лицензиялар сатып алу негізінде қалыптасатын болады.

Бағдарламаның орта мерзімді кезеңінің міндеттері:
экспортқа бағдарланған өнімдердің шығарылуын қамтамасыз ететін технологияларды енгізу;

технологиялық жабдықтар, мұнай-газ, тау-кен өндіру, металлургия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс үшін дүниежүзілік рыноктың талаптарына жауап беретін жинақталымды бұйымдар мен машиналар шығаруды ұйымдастыру;

ішкі және сыртқы рыноктарда тұрақты сұранымға ие болатын өнімдерді шығаруға бағдарланған ғылымды қажетсінетін өндірістерді іске қосу;
инновациялық сала үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлау.

Бағдарламаның ұзақ мерзімді кезеңі (2008-2015 жылдар) орта мерзімді бағдарламаның нәтижелеріне негізделетін болады. Ол ұзақ перспективаға есептелген және тұтыну мен өткізу рыногының жаңа салаларын қалыптастыруға қабілетті орта және ірі кәсіпорындар құруға, базистік инновациялар әзірлеуге, өндірістерді технологиялық қайта құрылымдауға және дүниежүзілік рыноктарға арналған жаңа тауарлар шығаруға бағытталады болады. Осы кезеңде алдыңғы қатарлы шетелдік технологияларды "көшіру" стратегиясы қолданылатын болады.

Бағдарламаның ұзақ мерзімді кезеңі шеңберінде отандық ғылыми мекемелерді басым ғылыми-технологиялық бағыттарға қайта бағдарлау және республика үшін жаңа технологиялық жағдайлар жасау жүргізілетін болады.

Бағдарламаның ұзақ мерзімді кезеңінің міндеттері:
орта мерзімді бағдарламаның неғұрлым талап етілген жобаларын іске асыру;
өнімді өткізудің тұрақты рыноктарымен ірі өндірістерді қалыптастыру;
экономика салаларының технологиялық дамуын қамтамасыз ету.

Бағдарламаның орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары Бағдарламаның бұрынғы кезеңдерін іске асыруда алынған нәтижелерге сүйене отырып әзірленетін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген қаулыларымен бекітілетін болады.

Бағдарлама нақты экономикалық көрсеткіштер бөлігінде ұлттық әлеуметтік-экономикалық басымдықты сүйене отырып жыл сайын нақтыланатын және түзетілетін болады.

Барлық салаларды олардың әлеуметтік-экономикалық мәні мен даму ерекшелігін ескермей, бірдей қолдау әрекеті республиканың инновациялық дамуын толық шамада іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты таяудағы және алыс перспективаға ғылым мен техниканы дамытудың басымдықты бағыттары, сондай-ақ бірінші кезекте қолдау қажет республикалық деңгейдегі сыни технологиялардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия анықтайтын болады. "Сыни технологияларды" іріктеу кезінде олардың өнімдер мен қызмет көрсетулердің бәсекелестік қабілетіне, өмірдің сапасына, экологиялық жағдайдың жақсаруына әсер етуі ескерілетін болады.

Осы тізбелерге сүйене отырып, конкурстық негізде инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру мен іске асыру тәртібін реттейтін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес көрсетілген кезеңге арналған салалық және аймақтық мақсатты инновациялық бағдарламалар қалыптасатын болады.

5.3. Тікелей және жанама қолдау әдістері

Мемлекет инновациялық процестерді реттеу мақсатында жаңалықтар енгізуде бастамашылық көрсете және осы қарым-қатынастарға байланысты қатысушы бола отырып, инновациялық қызметке тікелей де, сол сияқты инновацияларды ынталандыра және тиісті экономикалық тетік құра отырып, жанама әдістермен де қолдау көрсететін болады.

Инновациялық қызметті тікелей реттеу:
ғылым мен техниканы дамытудың басымдықты бағыттарын таңдау және "

сыни технологиялардың" тізбесін анықтау;
мемлекеттік бюджеттен мақсатқа бағытталған қаржыландыру;
инновациялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін жалпы ұлттық мәні бар, бірақ жеке инвесторлар үшін тартымды емес тікелей мемлекеттік инвестицияларды бөлу;
мемлекеттік емес құрылымдар іске асыратын инновациялық жобалар мен кіші бағдарламаларды мемлекеттің бірлесіп қаржыландыруы;
көрнекті жобаларды бастамалау және жүзеге асыру;
инновациялық жобаларды елдің инновациялық даму басымдықтарына сәйкестігіне мемлекеттік сараптау;
инновациялық қызметтің инфрақұрылымын қалыптастыру (технологиялық парктер, бизнес-инкубаторлар және т.б.);
халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту негізінде жүзеге асырылатын болады.

Инновациялық қызметті жанама реттеу:
жеңілдікті салық заңнамалар;

отандық және шетелдік инвесторлар үшін жеңілдікті инвестициялық, лицензиялық және кедендік заңнамалары негізінде жүзеге асырылатын болады.

5.4. Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың бір тәсілі республика аумағында инновациялық орталықтарды, инкубаторларды, технопарктерді, консалтингтік және оқытатын фирмаларды, инновациялық кәсіпорындарды конструкторлық-технологиялық қолдау жөніндегі ұйымдарды қамтитын, аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, бірыңғай үйлестірілген инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру болмақ.

Инфрақұрылымды қалыптастыру кезінде мемлекет аймақтардағы олар құратын ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет объектілері ғылым және техника саласымен байланысты барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін ортақ болуына сүйенетін болады. Бұл инновациялық даму міндеттерін шешу кезінде - ғылыми ұйымдардың, инновациялық кәсіпорындардың, жоғары оқу орындары мен шағын кәсіпкерлік субъектілердің әлеуетін бір ортаға біріктіруге мүмкіндік береді.

Конструкторлық-технологиялық жаңалықтарды жетілдіру мен өндірістерді дайындауға, бәсекелестікке қабілетті ғылымды қажетсінетін өнімдерді және жоғары технологияларды әзірлеу кезінде инновациялық кәсіпорындарды өндірістік-технологиялық қолдауға ерекше назар аударылатын болады. Бұл құрылымдардың ғылыми-техникалық әзірленімдерді және маркетингті, жарнамалық және көрме қызметін, патенттік-лицензиялық жұмысты және интеллектуалдық меншікті қорғауды қоса алғанда, жергілікті және шетелдік

рыноктарға ғылымды қажетсінетін өнімдерді жылжытуда рөлі белсенді болмақ.

Аймақтардың экономикалық мамандануын, өнеркәсіптік, ғылыми және оқу әлеуеттерінің бар болуын ескере отырып, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Павлодар, Шымкент, Өскемен және басқа да қалаларда бизнес-инкубаторлар және технопарктер жүйесі құрылатын болады.

Инновацияларды тұтынушылар мен жаңа енгізілімдердің авторлары арасында ақпараттық алмасуды қамтамасыз ету үшін алдағы уақытта "Интернет" жүйесінде арнайы сайтта ұсынылатын деректер базасы құрылатын болады.

5.5. Инновациялық қызметті дамытудың құқықтық негіздері

Инновациялық қызметті дамытуды тиісті нормативтік құқықтық базаны құрусыз және тұрақты жетілдіруге мүмкін емес.

Қазақстандағы ғылыми-техникалық қызметті құқықтық реттеудің негізі "Қазақстан Республикасының ғылымы мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы", "Авторлық құқық пен аралас құқықтар туралы" және "Қазақстан Республикасының патенттік заңы" туралы Заңдар болып табылады.

Экономиканың инновациялық даму жолына өту кезінде құқықтық қатынастарды қамтамасыз ету мақсатында "Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының базалық Заңы және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру мен іске асыру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің пакеті қабылданатын болады.

Өнімдердің сапасына, өнеркәсіптік құқықтар мен интеллектуалдық меншікті қорғауға ерекше назар аударылатын болады.

Өнімдердің, тауарлардың және қызмет көрсетулердің сапасына қойылатын талаптардан туындайтын ұлттық стандарттар қазіргі ғылымның, техниканың және технологиялардың жетістіктері, халықаралық стандарттар, басқа елдердің озық мемлекеттік стандарттары негізінде әзірленетін болады.

Ел экономикасына ИСО 9000 сапасындағы Жүйесі және ИСО 14000 айнала қоршаған ортаны қорғау басқармасының Жүйесі тұрпатындағы стандарттарды кеңінен енгізу Қазақстанда стандарттау жүйесін іске асыру кезінде кешенді тұрғыны қамтамасыз етеді, қазақстандық өнімдердің сапасы мен бәсекелестік қабілетін арттырады, материалдық ресурстарды үнемдеу мен қоршаған ортаны қорғау үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

Инновациялық қызметті дамытуға өзіне өнеркәсіптік меншікті (өнертабыстар, үлгілер, өнеркәсіптік үлгілер), кәсіпорындар мен олардың өнімдерін саралау құралдарын (тауарлық белгілер мен қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулары), ақпараттық өнімдерді (бағдарламалық қамтамасыз ету, мәліметтер базасы), өзге де материалдық емес ресурстарды (коммерциялық құпиялар, лицензиялар және басқалары) қамтитын интеллектуалдық меншікті қорғаудың құқықтық аспектілері үлкен мән беретін болады.

Осыған байланысты экономикалық, өндірістік, инвестициялық және қаржылық нормалар мен нормативтер жиынтығы негізінде интеллектуалдық меншікті тиімді басқару алғашқы дәрежедегі мәнге ие болады.

Мемлекеттік интеллектуалдық меншікті түгендеуді өткізу, оның шын құнын және коммерциялық сату мүмкіндігін анықтау, неғұрлым маңызды интеллектуалдық әзірленімдерді және басқаларын мемлекеттік қолдауды ұлғайту алда тұр.

5.6. Халықаралық ынтымақтастық

Дамыған елдерде ішкі рыноктар, әдетте, енді кең ауқымды инновациялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік бермейді, сондықтан да әзірлеушілер өздерінің жаңалықтарын шет елдерде таратуға барынша көңіл бөле бастады.

Алайда, дүниежүзілік экономикалық көш бастаушылар арасындағы кооперацияның тереңдеуімен қатар ғылымды қажетсінетін және инновациялық өнімдер рыноктардағы бәсеке шұғыл өршиді, ғылыми-техникалық және инновациялық ресурстар үшін күрес күшейеді. Соңғы жылдары осы бәсекелестікке жаңа индустриялы елдер мен дамушы мемлекеттер жиі қосылатын болып отыр.

Осы жағдайларда мемлекетке халықаралық инновациялық байланыстарды реттеуде, дүниежүзілік ғылыми-техникалық кеңістікте Қазақстанның жағдайын нығайтуда және сыртқы рыноктарға отандық тауарлармен шығуды қамтамасыз етуде белсенді рөл атқаруға тура келеді.

Осыған байланысты мемлекет халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты ынталандыру мақсатында екіжақты және көпжақты инновациялық бағдарламалар мен жобалардың қазақстандық бөлігін, бірлескен технологиялық орталықтарды, мамандандырылған қорлар мен инновациялық инфрақұрылымдарды қаржыландыруды, шет елдерде кадрларды даярлау мен олардың біліктіліктерін арттыруды, шетелдік ғылыми-техникалық әдебиеттерді сатып алуды өзіне алады.

Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен өзінің ынтымақтастығын 1998 жылғы 11 қыркүйекте Мәскеуде жасалған Ғылыми-техникалық салада мемлекетаралық инновациялық бағдарламалар мен жобалар қалыптастыру және олардың мәртебесі туралы келісімнің негізінде жүзеге асыратын болады.

Республикада инновациялық белсенділіктің өсуіне ТАСИС, ЮНИДО, МАГАТЭ, ЮНКТАД және басқалары сияқты халықаралық ұйымдардың аясында технологиялық даму және ірі ауқымды мақсатты жобалар салаларындағы ынтымақтастықтың шектелмелі және біріктірілген бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру жәрдемдесетін болады.

Шетелдік мамандар мен сарапшыларды республика үшін маңызды

халықшаруашылық мәні бар бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу мен бағалауға тарту іс-тәжірибеге енгізілетін болады.

Елден инновациялық әзірленімдердің, бірінші кезекте олардың пайдаланылуы дүниежүзілік қоғамдастыққа залал келтіретін екіұдай мақсаттағы технологиялардың елден жылыстауына тосқауыл қою мақсатында экспорты міндетті үкіметтік бақылауға жататын технологиялар мен тауарлар тізбесі тұрақты негізде жаңаланып отыратын болады.

6. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

6.1. Қаржылық қамтамасыз ету

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар және мемлекеттің қаржылық саясатының құрамдас элементі ретінде жүреді.

Бұл жүйе, бірінші кезекте, техникалық жаңалықтарды ел экономикасына тез және тиімді енгізу, оның құрылымдық-технологиялық қайта құрылуын қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық және кадр әлеуетін сақтау және дамыту, жоғары сыныпты мамандардың шет елге кетуінің алдын алу үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған.

Осы жүйенің элементтері:

қаржылық қаражаттардың түсу көздерінің жиынтығы;
ақшалай қаражатты шоғырландыру және оларды инновациялық бағдарламалар мен жобаларға салудың тетігі;
қайтарымдылық жүйесін және оларды пайдалану тиімділігіне баға беруді қоса алғанда, қаржы қаражаттарын бақылау тетігі.

Инновациялық қызметті дамытуға арналған қаражат республикаішілік көздерден іздестірілуі және негізінен мыналарға бағытталуы тиіс:

инновациялық инфрақұрылымды дамыту - бизнес инкубаторлар, арнайы конструкторлық бюролар, инновациялық қорлар, кадрларды дайындау және қайта дайындау жүйесін құру.

Мыналарды:

қаржы ресурстарына қажеттілік пен оларды алудың нақты мүмкіндіктері арасындағы теңгерімділікті;

кәсіпорындардың мемлекеттік бюджеттер алдындағы алған қаржылық міндеттемелерінің уақытылы және толық орындалуын;

материалдық және қаржылық ресурстардың ұтымды пайдаланылуын; тапсырыс берушілермен, контрагенттермен және жеткізушілермен экономикалық қарым-қатынастар іс-тәжірибесінен туындайтын өзге де

міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін қаржылық бақылау жүйесі қалыптастырылатын болады.

Осыған байланысты мемлекет инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесін мынадай бастапқы қағидаттарға сүйене отырып қалыптастыратын болады:

жүйенің ғылыми-техникалық жетістіктерді тез және тиімді енгізуге бағдарлануы;

қаржыландыру көздерінің көптігі;

инновациялық қаржыландырудың барлық жүйесінде де, сол сияқты оның құрамдаушыларында да барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін тез қайта құрылу мүмкіндігі;

іс жүзінде қолдану үшін техникалық және технологиялық жаңалықтар мен бағыттардың барынша кең ауқымын қамту;

қолданылатын тетіктердің негізділігі және заңдық қорғалуы.

Жалпы салалық, салааралық және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламаларды, сондай-ақ өнеркәсіптік өнімдердің жаңа түрлерін игеру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында, жергілікті жерлерде инновацияларды қолдаудың мемлекеттік емес қорлар жүйесі құрылатын болады. Мұндай қорлар аймақтық деңгейлерде де, сол сияқты ұлттық компаниялар, концерндер мен холдингтердің шеңберлерінде де құрылатын болады.

Инновациялық қызметті мемлекеттік емес қаржыландыру көздері:

инновациялық кәсіпорындардың меншікті қаражаты;

бағалы қағаздар эмиссиясының есебінен жұмылдырылатын қаражат;

коммерциялық банктердің несиелері;

мамандандырылған және қайырымдылық қорлар;

жаңа өнімнің тез шығарылуына мүдделі инвестициялық компаниялардың басқа да инновациялық кәсіпорындардың қаражаты болмақ.

Қымбат бағалы станоктар, жабдықтар, бірегей бақылау-өлшеу техникаларын сатып алуды талап ететін ірі технологиялық инновациялардың тез өнеркәсіптік игерілуі мәселелерін шешу кезінде қаржылық лизинг дамуға ие болады.

6.2. Ғылыми-техникалық қамтамасыз ету

Ғылыми-техникалық қамтамасыз ету инновациялық дамудың айқындаушы шарты болып табылады және өнімдерді жаңа рынокқа жылжытуға бағытталған.

Технологиялар мен жабдықтар экологиялық, техникалық қауіпсіздік және санитарлық нормалардың талаптарын қанағаттандыруы, техникалық қайта жарақтандыруды тез жүргізу мен дүниежүзілік деңгейдегі немесе оған ұқсас өнімнен сапасы бойынша асып түсетін өнімді шығаруды қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекет ғылыми-техникалық қамтамасыз ету функцияларына, жабдықтар

мен технологияларға қойылатын талаптарға сүйене отырып:
инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыруды;
кешенді ғылыми-техникалық сараптама жүргізуді;
іргелі ғылыми зерттеулер жүргізуді;
инновациялық бағдарламалар мен жобаларды ғылыми-техникалық алып
ж ү р у д і ;
дүниежүзілік ғылыми-техникалық дамудың болжамын;
тендерлік негізде міндетті түрде кешенді ғылыми-техникалық, технологиялық
және экологиялық сараптама өткізе отырып, шетел технологиялар мен
жабдықтарды сатып алуды және олардың лизингін жүргізуді жүзеге асыратын
болады.

6.3. Кадрлық қамтамасыз ету

Қазақстан дамудың инновациялық жолына өту кезінде қазіргі менеджмент саласында кең білімі бар мамандарға зәру болады. Меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорындар мен ұйымдарға, салыстырмалы қысқа мерзімде инновациялардың жоғары тиімділігі мен бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз ететін басқару жүйесін құруға қабілетті мамандар қажет болады.

Инновациялық саланың кадрлары - бұл, ең алдымен, жаңа технологияларды құру мен игеру процесінің белсенді қатысушылары. Кадр құрылымының күрделілігі инновациялар міндеттерінің ерекшеліктерімен, сондай-ақ ғылыми және ғылыми-техникалық еңбектің өзіндік ерекшеліктеріне негізделеді. Осы құрылымды құраушылар ғылыми және инженерлік қызметкер кадрлар, басқару қызметшілері, тәжірибелік өндірістің қызметкерлері, көмекші және қызмет көрсету қызметшілері болып табылады.

Инновациялық кәсіпорындар алғашқы кезеңде дербес қаражатының есебінен кадрларды дайындауға ақы төлей алмайтын жағдайда болады. Сондықтан мұндай кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау мақсатында инновациялық процестерді басқару саласындағы кадрларды мемлекеттік тапсырыс шеңберінде дайындау бағдарламасы әзірленетін болады. Тапсырыс берушілердің базалық кәсіпорындарында мамандардың тағылымдамадан өту мүмкіндігі көзделетін болады.

Нақты кәсіпкерлік жобаларды басқару және іске асыру үшін мақсатты "менеджерлік-командаларды" оқытуды қоса алғанда, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау нысандарының бірі инновациялық орталықтар мен технопарктер болады.

Қазақстанның қазіргі кадр әлеуетінің жағдайы дүниежүзілік деңгейдегі технологияларды әзірлеуді толық түрде жүзеге асыруға және жоғары сапалы экспорт және импорт алмастырушы өнім өндіруге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты қазақстандық мамандардың жетекші шетелдік компаниялар мен

ғылыми-зерттеу ұйымдарында тағылымдамадан өтуі тәжірибеленетін болады.

Кадрлық қамтамасыз етудің басымдықты және неғұрлым тиімді бағыттарының бірі - отандық мамандарды қайта даярлау үшін шетелдік жоғары білікті мамандарды Қазақстанға тарту болмақ.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарламаны іске асырудың басты нәтижесі республикада сыртқы рыноктарда сату көлемі бойынша соңғы кезеңде экспорттың шикізат құрамасымен салыстырмалы бәсекелестікке қабілеті жоғары технологиялық өнімдерді өндіруге қабілеті бар шикізаттық емес, экспортқа бағытталған экономика секторын құру болып табылады.

Интеллектуалдық меншік рыногын құрудың есебінен шаруашылық қызметке отандық ғалымдар мен мамандардың ғылыми-техникалық жетістіктері тартылатын болады, бұл ғылыми еңбектің дүниежүзілік бөлінісіне Қазақстанның тең құқықты әріптес ретінде енуін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асыру:

ғылым және техника жетістіктері негізінде ең бірінші кезекте елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге;

өнеркәсіптің базалық салаларының жаңа технологиялық тәртіпке және қайта жасауға көшуін жүзеге асыруға;

экономиканың шикізат секторына экономикалық қысымды төмендетуге;

шағын және орта кәсіпорындарды қарқынды дамыту есебінен ЖІӨ-нің құрылымындағы ірі кәсіпорындардың үлесін төмендету жолымен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге;

шағын инновациялық бизнесті дамыту үшін жағдай жасауға;

меншік иелерінің экономикалық белсенді қабатын қалыптастыруға;

халықтың арасында әлеуметтік шиеленісуді азайтуға мүмкіндік береді.

Ғылымды қажетсінетін өнімдердің қағидатты жаңа түрлерін өндіруді игеру және жоғары технологияларды енгізу, экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту есебінен еліміздің жалпы ішкі өнімдерінің жыл сайын 5-6 %-ға, соның ішінде өнеркәсіптік өндірісте 5-7 %-ға дейін, ауыл шаруашылығында - 2-3 %-ға, көлік және байланыста - 10-12 %-ға жыл сайын тұрақты өсу қамтамасыз етілетін болады.

Экономиканың басымдықты салаларында - энергетикада, химия және мұнай-химия өнеркәсібінде, машина жасауда, көлік және байланыста агроөнеркәсіп кешенінде және басқа да салаларда ғылыми эзірленімдер нәтижелерін жедел игеру үшін қажетті жағдайлар жасалатын болады.

Бағдарлама отандық ғылыми-техникалық әлеуетті барынша тартуға, ғылым

мен инженерлік-техникалық қызметкерлердің талап етушілігін қамтамасыз етуге
м ү м к і н д і к б е р е д і .

Елдің инновациялық дамуы экономиканың бірыңғай құрылымды қайта құруды жүргізуді, шикізаттық емес секторға инвестициялар мен дүниежүзілік деңгейдегі технологияларды тартуды, өндірісті жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды және рыноктың бәсекеге жарамды өнімдермен толтырылуын қамтамасыз етеді.

Мемлекет инновациялық даму үшін қажетті жағдайлар жасай, халықтың инновациялық белсенділігін ынталандыра отырып, инновациялық қызмет саласында өндірістік кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін б о л а д ы .

Республикада қолайлы инновациялық ахуал жасау Қазақстанның әлеуметтік бағдарланған және нарықтық экономикасы дамыған жоғары индустриялы қоғамға айналуының базалық факторы болады.

8. Қазақстан Республикасының 2001-2003 жылдарға арналған инновациялық даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

N ! Іс-шаралар ! Аяқтау ! Орындауға !Орындау
р/! ! нысаны ! жауапты !мерзімі
р ! ! ! !

Нормативтік құқықтық қамтамасыз етулер

- 1 "Инновациялық қызмет Қазақстан Экономика және сауда 2001 туралы" Қазақстан Республикасы министрлігі, жыл Республикасының Заңын Заңының Энергетика және әзірлеу жобасы минералдық ресурстар министрлігі, Білім және ғылым министрлігі
- 2 Инновациялық жобаларды Министрлердің Білім және ғылым 2001 іріктеу және қаржыландыру бұйрықтары министрлігі, жылғы үшін құжаттардың Энергетика және қыр. бірдейлендірілген ережелері минералдық ресурстар күйек мен нысандарын дайындау министрлігі, Қаржы және бекіту министрлігі, Экономика және сауда

Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру

- 3 Технопарктер мен бизнес-инкубаторларды қалыптастыру және ресурстық қамтамасыз етудің тәртібі туралы ереже әзірлеу
- Бірлескен бұйрық
- Экономика және сауда 2001 министрлігі, жылғы Энергетика және қыр. минералдық ресурстар күйек министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігі
- 4 Ірі өнеркәсіптік орталықтарда бизнес-инкубаторлар мен технопарктер жүйесін және аймақтық инновациялық қорлар құру
- Облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің шешімі
- Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының 2001-2003 әкімдері, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Экономика және сауда министрлігі
- 5 Отандық ғылыми әзірлемелердің технологиялар, менеджмент, жаңа тауарлар мен қызмет көрсетулер салаларында деректер банктерін құру
- Экономика салалары бойынша деректер банкілері
- Білім және ғылым 2001-2003 министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

6 Орта мерзімді перспективаға Бірлескен Экономика және сауда 2002 арналған инновациялық бұйрық министрлігі, жылғы өндірістерді құру жөніндегі Энергетика және жел. жобалардың тендері туралы минералдық ресурстар тоқ. министрлігі, Білім сан ереже әзірлеу

және ғылым министрлігі,

7 Салалық және аймақтық Әкімдердің Облыстар мен Астана, 2001 инвестициялық-инновациялық шешімдері, Алматы қалалары жылғы бағдарламалар әзірлеу министрлердің әкімдерінің аппарат. жел. бұйрықтары тары, Экономика және тоқ. сауда министрлігі, сан

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы

министрлігі

8 Инновациялық қызметті Бірлескен Экономика және сауда 2001 үйлестіру жөніндегі бұйрық министрлігі, жылғы ведомствоаралық кеңес құру Энергетика және қыр. минералдық ресурстар күйек министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі,

Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігі, облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің

аппараттары

9 Шешімі ғылыми-технологиялық Қазақстан Экономика және сауда Жыл қамтамасыз етуді талап Республикасы министрлігі, сайын, ететін экономиканың шынайы Үкіметінің Энергетика және жел. секторының жоғары жанындағы минералдық ресурстар тоқ. технологиялық салаларын Жоғары министрлігі, Білім сан дамытудың жыл сайынғы ғылыми- және ғылым министр. талдауын және проблемаларын техникалық лігі, Көлік және анықтауды жүзеге асыру комиссияға коммуникациялар ұсыныс, министрлігі, Ауыл Үкіметке шаруашылығы ақпарат министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

Қаржылық қамтамасыз ету

10 "2002 жылға арналған Қазақстан Қаржы министрлігі, 2001 республикалық бюджет Республикасы Экономика және сауда жыл, туралы" және "2003 жылға Заңының министрлігі, Білім 2002 арналған республикалық жобасы және ғылым жыл бюджет туралы" Қазақстан министрлігі Республикасының Заңдарында "Инновациялық дамуға

арналған" бапты көздеу

11 Конкурстан өткен Қазақстан Экономика және сауда Жыл инновациялық жобалар Республика. министрлігі, Білім сайын, мен бағдарламаларды іске сының және ғылым жел. асыру Үкіметіне министрлігі, тоқсан ақпарат Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Ақпараттық қамтамасыз ету және насихаттау

12 Интернет жүйесінде отандық WEB-бет Экономика және сауда 2001 инновациялар туралы министрлігі, Білім жылғы ақпараттық сайт құру және ғылым жел. министрлігі, тоқсан Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Ауыл

ш а р у а ш ы л ы ғ ы
м и н и с т р л і г і , К ө л і к
ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р

м и н и с т р л і г і

- 13 Инновациялық дамытуды қаржылық қолдауды (жеңілдікті несиелендіруді, лизингті бірлесе қаржыландыру және т.б.) іс жүзінде енгізудің әдістемелерін әзірлеу
- Әдістемелік ұсынымдар министрлігі, жылғы Энергетика және жел. минералдық ресурстар тоқ. министрлігі, сан Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы министрлігі, Білім ж әне ғ ы л ы м

м и н и с т р л і г і

- 14 Инновациялық қызметтің жағдайы мен дамуы және оны мемлекеттік қолдау жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы баяндамаға талдамалы материалдар әзірлеу
- Қазақстан Республика. Энергетика және жел. министрлігі, сайын, сының Энергетика және жел. министрлігі, Білім сан және ғылым министрлігі, Қаржы министрлігі

- 15 Инновациялық дамытуды насихаттауға БАҚ-ты тарту, дөңгелек столдар және пресс-конференциялар ұйымдастыру және өткізу
- БАҚ-қа Ақпарат және қоғамдық Тұр. келісім министрлігі, ақты баспасөз- Энергетика және релиздер минералдық ресурстар министрлігі, Білім ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і , Экономика және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл ш а р у а ш ы л ы ғ ы

м и н и с т р л і г і

- 16 Инновациялық дамытудың проблемалары мен перспективалары бойынша республикалық семинар-кеңес
- Семинардың шешімі Экономика және сауда 2001 министрлігі, Білім жыл және ғылым министрлігі,

өткізу

Энергетика және
минералдық ресурстар

министрлігі

- 17 Инновациялық дамытудың салалық және аймақтық бөліністерінде ақпараттық-статистикалық алапты қалыптастыру, мониторинг өткізу
- Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат
- Экономика және сауда министрлігі, сайын, Статистика жөніндегі қаң. агенттік, Көлік және тар коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің аппараттары

Кадрмен қамтамасыз ету

- 18 Кадрларды даярлау және қайта даярлаудың аймақтық орталықтарын құру
- Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат
- Облыстардың, Астана 2001 және Алматы жылғы қалаларының әкімдері, жел. Экономика және сауда тоқ. министрлігі, Білім сан және ғылым министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
- 19 Инновациялық кәсіпорындар үшін инженерлік-техникалық мамандарды даярлауды және инновациялық салада жұмыс істейтін қызметкерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру
- Курстар, семинарлар
- Экономика және сауда 2001- министрлігі, Білім 2003 және ғылым министрлі. жыл. гі, Мемлекеттік қызмет дар академиясы, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Көлік және коммуникациялар

Халықаралық ынтымақтастық

20 Бірлескен инновациялық саясатты іске асыру кезінде ТМД және алыс шетелдермен ынтымақтастықты қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Сыртқы істер министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің	Жыл сайын, қаңтар
--	---	--	-------------------

аппараттары

21 ТМД және алыс шетелдермен инновациялық ынтымақтастық туралы шектелмелі келісімнің жобасын дайындау	Келісімнің жобасы	Экономика және сауда министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Әділет министрлігі	2001-2003 жылдар
---	-------------------	--	------------------